

"Өнер" бағыты бойынша
Оқу – әдістемелік бірлестік-Жобаларды басқару тобы
(ОӘБ - ЖБТ) №1 отырысының
ЖОБА ШЕШІМІ
2024 жылғы 10 желтоқсан

Бірінші сұрақ бойынша: 2024-2025 оқу жылына арналған «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК жұмыс жоспарын бекіту және бірлестік қызметінің болашағы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Гульнара Бисенғалиевна Гизатованың баяндамасын назарға алу.
2. «Өнер» бағыты бойынша оқытуды жүзеге асыратын ЖЖОБҰ 2024 жылдың 20 желтоқсанына дейін ұсыныстарды қарап, енгізсін.

Екінші сұрақ бойынша: «Өнер» бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қазақ тілінде шығарылатын оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етудің жай-күйі туралы.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Тутибаева Эльвиры Аблекимовна және Байғонысова Ғалия Уалханқызы баяндамаларын назарға алу.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үшін заманауи оқу-әдістемелік әдебиеттерді құрудың ғылыми негіздерінің заманауи мәселелері мен перспективаларына арналған университетаралық дөңгелек үстелді ұйымдастыру және өткізу.

Үшінші сұрақ бойынша: Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының театр өнері факультетінде жұмыс берушілердің қолдауымен құрылған оқу зертханаларының жұмыс істеуі туралы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Кульсеитова Мадина Акбаралиевнаның баяндамасын назарға алу.
2. Студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықтарын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының шығармашылық іс-әрекеттерге арналған оқу зертханаларын құру тәжірибесін зерделеу.
3. Ғылыми-шығармашылық зертханалар қызметінің өзекті мәселелері бойынша семинар ұйымдастыру.

Төртінші сұрақ бойынша: Шымкент қаласының өнер саласындағы кадрларға сұранысы бойынша жүргізілген социологиялық сауалнама қорытындысы туралы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Тлеубаева Балжан Сейдрамановнаның баяндамасын назарға алу.
2. Өнер саласы бойынша қажетті аймақтық карталарды жасау үшін жұмыс топтарын құру.

Бесінші сұрақ бойынша: ОӘБ-РОӘК мөрін алу үшін оқу құралдарды басып шығару бойынша ұсыныс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Гульнара Бисенгалиевна Гизатованың баяндамасын назарға алу.
2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасында «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ-ЖБТ грифін беру және басып шығару -«Азия халықтарының музыка тарихындағы Ұлы Дала мәдениеті» («Әлем халықтарының музыкасы» пәнінен оқулық). Авторы Сабырова А.С. (Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы)

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор**

Ергөбек Ш.Қ.

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ хатшы**

Гизатова Г.Б.